

Зеренді ауданының елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Зеренді аудандық мәслихатының 2004 жылғы 27 сәуірдегі N 8-46 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 14 мамырда N 2516 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 39-266 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Зеренді аудандық мәслихатының 2011.04.20 № 39-266 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Зеренді аудандық М ә с л и х а т ы **Ш Е Ш Т І :**

1. Зеренді ауданының елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау ережелері бекітілсін (қоса беріледі).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық Мәслихаттың бюджет, Қаржы, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А у д а н д ы қ
2 0 0 4 ж ы л ғ ы
NN№8-46 шешіміне қосымша

М ә с л и х а т т ы ң
с ә у і р д е г і

Зеренді ауданы елді мекендерінде мысықтар мен иттерді ұстау ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Зеренді ауданы аумағында үй жануарларын, нақты мысықтарды, иттерді ұстауды белгілеу мақсатында әзірленіп, жеке және заңды тұлғалардың осы Ережелерді бұзған үшін жауапкершіліктерін белгілейді.

2. Ережелер меншік түріне қарамастан мысықтар мен иттер ұстайтын барлық жеке және заңды тұлғаларға тарайды.

3. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының "Қазақстан

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық" туралы»Кодексіне және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес әзірленген.

2. Мысықтар мен иттерді ұстау

4. Жануарлардың иелері үй жануарларын ұстаудың санитарлық-гигиеналық, ветеринарлық ережелерін сақтаулары тиіс.

5. Ауласында иттер ұстайтын адамдар олардың қашып кетуіне жол бермеуге және оларды көршілерінің ауласынан алшақ ұстауға міндетті. Аулаға кіре берісте ит бар екендігі жөнінде ескертпе жазу болуы керек.

Иттер мен мысықтарды ұстауда олардың саны шектелмейді. Бірақ ол көршілер наразылығын тудырмауы қажет.

6. Көшелерде және басқа қоғамдық орындарда иесіз өз бетімен жүрген иттер ауланады. Сол сияқты қадағалаусыз жүрген үй жануарлары да ауланады.

7. Иесі дүкендер мен аурухана маңдарына уақытша байлап кеткен жануарлардан басқа иесінің ертуінсіз қоғамдық орындарда жүрген иттер, мысықтар, басқа да жануарлар қадағалаусыз деп есептеледі.

3. Жануарлар қожайындарының міндеттері

8. Жануарлар иесінің міндеттері:

1) жануарларды биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес ұстау, оларға мейірімділікпен қарау, қараусыз қалдырмау, ауыра қалған жағдайда уақытында ветеринарлық көмекке жүгіну;

2) жануарларды осы Ереже талаптарына сай қалыпта ұстауды қамтамасыз ету ;

3) қоршаған орта қауіпсіздігін және тыныштық пен санитарлық ережелерді сақтауды қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

4) жалпы пайдаланымдағы және басқа да қоғамдық орындарды ластауды б о л д ы р м а у ;

5) жануарлар адамдарды немесе иесін тістеп алған жағдайда ол жөнінде жақын арадағы медициналық және ветеринарлық мекемелерге хабарлап, оларды қарау және оқшаулау үшін жануарларды мемлекеттік ветеринарлық қызметке а п а р у ;

6) жануарлар өлекселерін кез-келген жерге тастамау, жануарлар өлекселері ж о й ы л у ы т и і с .

9. Жануарлардың иелері паразитті насекомдар мен кемірушілердің пайда болуын болдырмау шараларын қабылдауға, жануарлар мен құстарды қараусыз қ а л д ы р м а у ғ а м і н д е т т і .

10. Жануарлардың иелері белгіленген мерзімдерде міндетті ветеринарлық және жануарлардың жұқпалы ауруларын жою іс-шараларын өткізуге, жануарларды оқшаулау режимін сақтауға міндетті.

4. Жануарлар иелерінің ережелерді бұзған үшін жауапкершіліктері

11. Осы Ережелерді бұзған кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының «"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 310, 311 баптарына және Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес жауапқа тартылады.

Ветеринария туралы заңнамаларды және ветеринария шеңберіндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді, сонымен қатар жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың эпизоотиямен күресу мәселелері бойынша қабылдаған шешімдерін бұзғандары үшін азаматтарға бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі, лауазымды тұлғаларға жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі, заңды тұлғаларға жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерлерде айыппұл салынады.

Мұндай бұзушылықтарға мыналар жатады:
ауру жануарларды жою жөніндегі міндетті ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды жүргізуден бас тарту;
ауру жануарларды тарату;
жануарларды өсіру кезінде ветеринарлық-санитарлық ережелерді сақтамау;
Айыппұл салу туралы қаулыны аудандық ішкі істер бөлімі жазады.

12. Жоғарыдағыдай бұзушылықтар кезінде материалдық залал келтірілген жағдайда жәбірленуші залалдың орнын толтыру үшін сотқа жүгінуге құқылы.